



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201 жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мәжіліс Парламенті

«__» _____ 201_ года

№ _____

2014 жылғы 15 қазанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Қ. Мәсімовке**

Депутаттық сауал

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында бизнесті жүргізу жағдайларын жақсартуға бағытталған белсенді жұмыстар атқарылуда. ҚР Парламентінде қарастырылып жатқан «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметі үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» ҚР Заң жобасында кәсіпкерлерді жоспарлы тексерулерді жою, шағын бизнес субъектілерін таратудың оңайлатылған тіртібін енгізу, кәсіпкерлер құқықтарын қорғау уәкілі институтын енгізу және басқа да жаңа енгізілімдер қарастырылған. Аталмыш қадамдар экономиканың дамуына, инвестициялық тартымдылықтың өсуіне ықпалын тигізетіні және Елбасымыз белгілеген стратегиялық жоспарларға толықтай сәйкес келетіндері сөзсіз.

Сонымен қатар, осы сұрақтың екінші жағы – тауарлар мен қызметтер тұтынушыларының көптеген проблемаларына назарларыңызды аударғым келіп тұр. Бизнеске қолайлы жағдайлар жасай отырып, қарапайым азаматтардың құқықтары туралы ұмытпауымыз қажет. Кәсіпкер тұтынушы есебінен қалыптасатын және мемлекеттік бюджет кірістерінің бір бөлігін құрайтын табыстарынан салықтарды төлейді. Алайда, мемлекет бүгінгі таңда міндетті кепілді қауіпсіздікті қамтамасыз етпеуде. Тұтынушылар құқықтарын қорғаудың тиімді мемлекеттік жүйесінің болмауы, өз мүдделерін бизнес өкілдері алдында қорғай алмауы әлеуметтік әділетсіздік және физикалық, экономикалық қауіпсіздіктің жоқтығы әсерін туғызады.

Тұтынушыларды қорғау қоғамдарының көпжылдық тәжірибесі көрсеткендей, аталмыш мәселенің жүйелік шешімі 2010 жылғы 4 мамырдағы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңымен қарастырылған

мемлекеттік жалпы білім беру бағдарламасына тұтынушылық білім негіздері жөніндегі мәселелерді енгізу болып табылады.

Мемлекеттің бастауыш, орта кәсіптік және жоғарғы оқу орындарына тұтынушылық білім беруді енгізу келесіге мүмкіндік береді:

Біріншіден. Еліміздің келешегі – өсіп келе жатқан ұрпақтың тұтыну мәдениетін өсіру. Жоғарыда айтылған мәселелердің көбісі дұрыс, саналы таңдау жасау мүмкіндігінің жоқтығынан, өзінің заңдық құқықтарының білмеуінен туындайды. Нәтижесінде, азаматтар орын алған бұзушылық және наразылық фактілері бойынша арызданады.

Екіншіден. Халықтың белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру. Өз құқықтарын білмеу, төмен ақпараттылық азаматтардың мемлекеттің әлеуметтік және қоғамдық өміріне аз ат салысуына себеп болып отыр. Бүгінгі таңда Қазақстанның экономикалық белсенді тұрғындарының тек 0,43 % ғана тұтынушылар құқықтарын қорғау қоғамдарына арызданады.

Тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында негізгі базалық білімге ие болып, оларды нақты бұзушылық оқиғаларында іске асырған жағдайда, адамның өз дауысының естілетіні және мүдделерінің заңды түрде қорғалатындығы туралы сенімділігі пайда болады. Бұл біздің азаматтарымыздың әлеуметтік адалдыққа және заңның үстемділігіне деген сенімдерін бекітеді.

Үшіншіден. Интеграциялық үрдістер тұрғысынан қарағанда өзектілігі арта түсетін отандық тауар өндірушілерінің бәсекеге қабілеттіліктерін өсіру. Нарық заңдарына сәйкес сатылатын тауардың сапасы тұтынушылардың талапшылдығы күшейген сайын жақсарады.

Төртіншіден. Тұтынушылық білім бизнес және тұтынушылар арасындағы қарым-қатынастағы тепе-теңдікке және тауарлар мен қызметтер нарығында өркениетті қатынастардың орнығуына тікелей әсерін тигізеді.

Жоғарыда айтылғанды ескере келе, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 9-бабын іске асыру мақсатында бастауыш, орта кәсіптік және жоғарғы оқу орындарында міндетті тұтынушылық оқуды енгізуді қарастыруыңызды сұраймын.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 27 бабына сәйкес беруіңізді сұраймын.

Құрметпен,

С. Романовская

Оглашен 15 октября 2014 года

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Масимову К.К.**

Депутатский запрос

Уважаемый Карим Кажимканович!

На сегодняшний день государством осуществляется активная деятельность по улучшению условий ведения бизнеса в Республике Казахстан. Рассматриваемым в Парламенте РК проектом Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам кардинального улучшения условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан» предусматривается полная отмена плановых проверок предпринимателей, введение упрощенного порядка ликвидации субъектов малого бизнеса, внедрение института уполномоченного по защите прав предпринимателей и другие нововведения. Данные шаги безусловно будут способствовать развитию экономики, повысят инвестиционную привлекательность нашей страны и полностью соответствуют стратегическим целям обозначенным Главой нашего государства.

Меж тем, хочу обратить Ваше внимание на обратную сторону данного вопроса – многочисленные проблемы потребителей товаров и услуг. Создавая благоприятные условия для бизнеса, нельзя забывать о правах простых граждан. Предприниматель оплачивает налоги от полученной прибыли, которая формируется за счет потребителя и является одной из составляющих дохода госбюджета. Однако государство на сегодняшний день не обеспечивает должную гарантию безопасности. Отсутствие эффективной системы государственной защиты прав потребителей, невозможность отстоять свои интересы перед представителями бизнеса создает ощущение социальной несправедливости и отсутствия безопасности как физической, так и экономической.

Как показала многолетняя практика деятельности обществ защиты прав потребителей, системным решением данного вопроса является

реализация Закона РК «О защите прав потребителей» от 4 мая 2010 года, в котором предусмотрено включение вопросов по основам потребительских знаний в образовательные программы.

Внедрение обязательного потребительского образования в начальных, средне-специальных и высших учебных заведениях страны будет способствовать:

Первое. Повышению культуры потребления подрастающего поколения, будущего нашей страны. Большая часть вышеперечисленных проблемных ситуаций связана с неспособностью сделать правильный и осознанный выбор, незнанием своих законных прав. Как следствие, граждане обращаются уже по факту состоявшегося нарушения или недовольства.

Второе. Формированию активной гражданской позиции населения. Незнание своих прав, низкая информированность является основной причиной малой вовлеченности граждан в социальную, общественную жизнь страны. На сегодняшний день лишь 0,43 % экономически активного населения Казахстана обращаются в общества защиты прав потребителей.

Имея базовые знания в области защиты прав потребителей и реализуя их при конкретном нарушении, у человека появится уверенность в том, что его голос может быть услышанным, а его интересы защищены легитимным, законным способом. Это позволит усилить веру наших граждан в социальную справедливость и верховенство закона.

Третье. Повышению конкурентоспособности отечественного товаропроизводителя, актуальность которой возрастает в свете интеграционных процессов. В соответствии с законами рынка реализуемые товары станут качественными настолько, насколько требовательны будут потребители.

Четвертое. Потребительское образование окажет непосредственное влияние на баланс сдержек и противовесов в отношениях между бизнесом и потребителем, а также на формирование цивилизованных отношений на рынке товаров и услуг.

В связи с вышеизложенным, прошу Вас рассмотреть возможность внедрения обязательного потребительского образования в начальных, средне-специальных и высших учебных заведениях страны в целях реализации 9-статьи Закона РК «О защите прав потребителей».

О принятом решении прошу сообщить в установленные законом сроки, в соответствии со ст. 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

С уважением,

С.Романовская